

Жалпыға ортақ құжатКүні
2019-06-19Бет.
1 (6)

Құжат No.

Нұсқа No.

Compliance-Pol-01

2

ЭТИКА ЖӘНЕ ТӘРТІП КОДЕКСІ

«Кселл» АҚ осы Кодексте бекітілген ұстанымдарды қабылдады. Біз әр қызметкерден күнделікті жұмысында бизнесті жүргізу әдісіміз ретіндегі осы Кодексті сақтайтынын күтеміз. Біз сондай-ақ «Кселл» АҚ қатысу үлесі бар компанияларда осы Кодекс ұстанымдарын ендіру бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмыз.

1. БІЗДІҢ ОРТАҚ МАҚСАТТАРЫМЫЗ

«Кселл» АҚ (бұдан әрі - Кселл) телекоммуникациялық қызметтердің жетекші жеткізушісі ретінде Қазақстан Республикасы нарығындағы әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымдардың маңызды бөлігі болып табылады. Біз адамдар мен компанияларға кез келген уақытта және кез келген жерде қоршаған ортаға қауіпсіз жолмен қарапайым әрі тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік беретін қызметтерді көрсетеміз.

Біздің мақсатымыз – жоғары сапалы қызмет көрсететін және желілермен қамтамасыз ететін әлемдік деңгейдегі компания атану.

Кселл өзінің әділ және этикаға сай іс жүргізу тәжірибесінің арқасында ұзақ және табысты жетістіктерге қол жеткізген. Біз адам құқықтары, лайықты еңбек жағдайын қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау мен жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы халықаралық стандарттарды қолдаймыз. Өз қызметімізде біз сондай-ақ көп ұлтты компанияларға арналған ЭЫДҰ жетекші ұстанымдарына жүгінеміз. Кселл ортақ құндылықтар жиынтығына, бизнес ұстанымдарына және өнімділікті басқаруға негізделген біртұтас компания ретінде қызмет атқаруға ұмтылады. Біздің мақсатымыз – заң қағидаларын сақтайтын, адал және әлеуметтік-жауапты компания болу.

2. МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Кселл түрлі мүдделі тұлғалармен клиенттермен, іскерлік серіктестермен, бәсекелестермен, қызметкерлермен, акционерлермен, уәкілетті мемлекеттік органдармен, сондай-ақ біз жұмыс істейтін қоғамдастықтармен қарым-қатынас жасайды. Біздің осы өзара қарым-қатынастарымыз бен байланыстарымыз адал, дәйектерге негізделген және коммерциялық құпиялылық шеңберінде рұқсат етілген шектерде ашық болып табылады. Біз осы өзара әрекеттестікті бағалаймыз, сондықтан әрбір мүдделі тұлғалармен сындарлы сұхбат жүргізуді қолдаймыз. Біз еркін және әділ сауданы жақтаушылармыз, жұмыс істейтін елдің құқықтық жүйесі аясында ашық бәсекелестік пен этикалық талаптарға ұмтыламыз.

Жалпыға ортақ құжат

Бекіткен

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесі

Күні

2019-06-19

Бет.

2 (6)

Құжат No.

Compliance-Pol-01

Нұсқа No.

2

2.1. Клиенттерімізбен қарым-қатынас

Кселл қазіргі және болашақ клиенттеріміздің сеніміне ие болып, олар үшін нөмірі бірінші таңдауы болуға ұмтылады. Біздің мақсатымыз баға мен сапаның оңтайлы қатынасын ұсынатын және клиенттеріміздің табысына үлесін қосатын жоғары сапалы және қауіпсіз қызмет көрсету болып табылады. Клиенттің дербес деректерін қорғау Кселл үшін өте маңызды.

- Біз қызметтеріміз бен өнімдерімізді адал ұсынамыз; біз арам немесе алаяқтық тәсілдерді қолданбаймыз.
- Біз әлемдегі ең сенімді байланыс желілерін басқаруға ұмтыламыз, біз клиенттердің дербес деректерін қорғап, олардың жеке өмірлерінің қауіпсіздігіне кепіл береміз. Біз дербес ақпаратты рұқсатсыз пайдаланудың алдын алу бойынша барлық шараларды қолданамыз және оны тек заң талап еткен жағдайда ғана ашамыз.
- Қызметтерді көрсету барысында біз балаларды озбырлықтың кез келген түрінен қорғауға ерекше мән береміз. Бұған клиенттерді заңсыз немесе жағымсыз контенттен қорғау құралдарын қолдану және балалар қатысатын сексуалдық сипаттағы контентті қамтитын сайттарды бұғаттау мәселелері бойынша мемлекеттік және басқа сенімді мекемелермен бірлесіп жұмыс істеу жатады. Біз барлық іскер серіктестерімізден балаларды пайдалануға қарсы жұмыс істейді деп күтеміз.

2.2. Қызметкерлерімізбен қарым-қатынас

Кселл компания табысының негізі арқауы қызметкерлер болып табылатынын мойындайды. Біздің мақсатымыз – тартымды жұмыс беруші болу, біз кәсіби жұмыс ортасына білікті және ынталы қызметкерлерді тартып, олардың біліктілігін арттырып, ұстап қалуға ұмтыламыз.

- Кселл БҰҰ-ның декларациясына және Халықаралық еңбек ұйымының негізгі конвенцияларына сәйкес халықаралық адам құқықтарын және барлық қызметкерлердің абыройын қорғайды:
- Біз балалар еңбегін, тәуелді немесе мәжбүрлі еңбекті пайдалануға жол бермейміз.
- Қызметкерлерге деген қатынас әділдік және теңдік ұстанымдарына негізделеді. Біз адамдардың жеке ерекшеліктеріне, таланттарына және мінезіне қарамастан сыпайы қарым-қатынас жасалатын еңбек ортасын құруға тырысамыз. Ешбір қызметкер немесе үміткер жасына, нәсіліне, жынысына, дініне, денесінің кемшіліктеріне, ұлтына, сексуалдық бағытына, отбасылық және ата-анасының жағдайына немесе саяси көзқарастарына байланысты кемсітілмейді.
- Біз қызметкерлердің ұжымдық шарт жасау мақсатында кәсіподақ мүшелігіне кіру құқығын құрметтейміз. Осы құқығын пайдаланған ешбір қызметкер кемсітілмейді. Барлық қызметкерлер жұмысқа орналасудың негізгі ережелері мен шарттарын білуі

Жалпыға ортақ құжат

Бекіткен

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесі

Күні

2019-06-19

Бет.

3 (6)

Құжат No.

Compliance-Pol-01

Нұсқа No.

2

тиіс. Заңмен бекітілген ең төменгі жалақы мөлшері жалақының ұсынылған деңгейі емес, әрдайым ең төменгі айлық деңгейі болады.

- Кселл жұмыс үрдістерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауруларға қатысты алдын алу және қарсы тұру шараларын қолдану және денсаулық пен тұрмыс жағдайын қорғау бойынша шараларды қолдау арқылы қауіпсіз және салауатты жұмыс орнымен қамтамасыз етуге және үнемі жақсартуға ұмтылады. Біз жұмыскерлерді есірткі болмайтын жұмыс орнымен қамтамасыз етеміз және ешбір зорлық-зомбылық, жәбірлеу немесе озбыр мінез түрлеріне жол бермейміз.
- Барлық жұмыскерлер компания құпия ақпаратының рұқсатсыз ашылуына және лайықсыз пайдалануына жол бермес үшін ерекше мұқият болулары тиіс. Біз құпиялылықты сақтау шеңберінде ашықтыққа, сондай-ақ білім және тәжірибемен алмасуға талпынамыз.
- Кселл компаниясының қызметкерлері жеке қызмет пен Кселл компаниясы қызметінің арасындағы мүдделер қақтығысына әкелетін немесе себепші болатын кез келген байланыстардан алшақ болуы тиіс.
- Іскерлік сыйлықтар мен қонақжайлылықты тек қана жергілікті заңнамалар мен іскерлік қатынастар тәжірибесіне сәйкес ұсынуға және қабылдауға болады

2.3. Акционерлермен қарым-қатынас

Кселл көптеген акционерлер тобының инвестиция салуының тартымды объектісі болуға ұмтылады, біздің мақсатымыз акционерлер салымдарының құндылықтарын тұрақты және ұзақ мерзімді өрістетуге болып табылады. Біз компания акцияларының құнына әсер ететін барлық ірі оқиғалар туралы акционерлерімізге және нарыққа уақытылы, дереу және ашық хабарлаймыз.

- Кселл акциялары Лондон және Қазақстандық қор биржаларында тіркелген. Біз нарыққа берілетін ақпараттың нақты болып табылатынына және қолданыстағы заңдарға, қор биржасының ережелеріне және корпоративті басқару кодекстеріне сәйкес хабарлануына кепілдік береміз.
- Акцияларды сату кезінде біз инсайдерлік ақпаратты тікелей немесе жанама пайдаланбаймыз.
- Біз қаржылық және қаржылық емес ақпаратымызды шынайы ұсынамыз және өзіміз білетін бар ақпаратты береміз. Біздің мақсатымыз – толығымен есеп беру.

2.4. Жеткізушілермен, іскер серіктестермен және бәсекелестермен қарым-қатынас

Жалпыға ортақ құжат

Бекіткен

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесі

Күні

2019-06-19

Бет.

4 (6)

Құжат No.

Compliance-Pol-01

Нұсқа No.

2

Кселл жеткізушілер мен мердігерлер үшін сенімді серіктес болуға тырысады. Біз ұзақ мерзімді, жақсы іскерлік қарым-қатынастарға және ашық ынтымақтастыққа талпынамыз. Біз жеткізушілер мен мердігерлердің адам құқықтарының, еңбек жағдайларының, қоршаған ортаны қорғаудың және жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық стандарттарын сақтауын күтеміз. Біз жеткізушілерімізді өз жұмыстарын осы Кодекстің қағидаларына ұқсас принциптерге сәйкес құруға шақырамыз - біз мұны іскерлік қарым-қатынастарымызды орнату мен жалғастырудың маңызды өлшемі деп санаймыз.

- Біздің кәсіпорындарымызда біз іскерлік мүмкіндіктер алу немесе оларды сақтап қалу үшін пара немесе басқа да заңсыз төлемдер бермейміз және алмаймыз.
- Біз Кселл-дің ауқымды сатып алу қабілетін және оның іскерлік қарым-қатынастарымызға тигізетін ықтимал ықпалын мойындаймыз. Біз жеткізушілерді тек олардың жұмысына байланысты таңдаймыз және олардан бізбен бірге бизнес жүргізу құқығы үшін әділетті және белсенді бәсекелестік күтеміз.
- Біз жеткізушілер мен қосалқы мердігерлерді сапа, баға, қол жетімділік, жеткізу талаптары, сенімділік, қызмет көрсету, сондай-ақ әлеуметтік және экологиялық аспектілерді қоса, корпоративтік жауапкершілік талаптары сияқты алдын-ала анықталған критерийлер бойынша таңдап, бағалаймыз. Осы Кодекстің ұстанымдарын сақтау жеткізушілермен құқықтық келісімшарттар мен келісімдер жасаудың ажырамас бөлігі болуы тиіс.
- Іскерлік шешімдер мен іс-әрекеттер компанияға, біздің клиенттерімізге және акционерлерімізге пайда әкелетіндей жасалуы керек. Осылайша, шешімдер жеке қатынастармен немесе қызығушылықтармен уәжделмеуі тиіс – олар біздің тәуелсіз және парасатты пікірімізге әсер етпеуі керек.
- Біз іскер серіктестерімізбен (мысалы, кеңес берушілермен, агенттіктермен, бірлескен кәсіпорындардағы серіктестіктермен) өзара сенім негізінде және Кодекстің мақсаттарына сәйкес қарым-қатынас құруға ұмтыламыз.
- Біз бәсекелестермен бағажасам, нарықтағы үлестер немесе басқа да осыларға ұқсас заңсыз әрекеттер бойынша келісімдерді талқыламаймыз және келісімге келмейміз.

2.5. Қоғаммен қарым-қатынас

Кселл біздің нарықта оңай қол жеткізуге болатын инфрақұрылым мен қызметтерді дамыту арқылы цифрлық теңсіздікті қысқартуға ұмтылуда. Біздің қызметтеріміз жұмыс орындарын құруға тікелей көмектесе отырып және біз жұмыс істеп жатқан қоғамға қаржылық үлесін қоса отырып, экономикалық даму мен өркендеуге жағдай жасайды. Біздің мақсатымыз - ұзақ мерзімді инвестор және әлеуметтік жауапкершілігі жоғары компания атану.

Жалпыға ортақ құжат

Бекіткен

«Кселл» АҚ Директорлар кеңесі

Күні

2019-06-19

Бет.

5 (6)

Құжат No.

Compliance-Pol-01

Нұсқа No.

2

- Біз технологияны көпшілікке тарату және қол жетімді ету үшін түрлі ұсыныстармен және бағалар деңгейімен жұмыс істейміз.
- Кселл цифрлық сауаттылықты арттыру бастамаларына және қоғамның тұрақты дамуына үлесін қосатын жобаларға қатысады.
- Кселл мобильді терминалдар және базалық станциялар санының көбеюіне байланысты электромагниттік өріс әсерінің күшеюі мәселелері бойынша алаңдаушылықты мойындайды. Біз осы саланы зерттеу жұмыстарын қолдаймыз және мемлекеттік органдармен, қауымдастықтармен және ұйымдармен ынтымақтастық жүргіземіз.
- Кселл қызмет көрсететін елдердің саясатына араласпайды және саяси ұйымдарға қайырымдылық жасамайды. Компаниямызды таныстырған кезде, біз саясат туралы пікірімізді білдірмейміз және саяси пайымдаулар жасамаймыз. Дегенмен, Кселл бизнесімізге әсер ететін шешімдер мен нормаларға қатысты талқылауға қатысады.
- Кселл біздің ағымдағы заңнамалық, әкімшілік, құқық қорғау және лицензиялық талаптарды бұлжытпай орындау адамның жеке өміріне қол сұғылмаушылығына және өзін-өзі таныту еркіндігіне әсер етуі мүмкін екендігіне алаңдатушылық танытады. Біздің мақсатымыз – адамдарға идеялармен еркін алмасуға мүмкіндік беру және анағұрлым ашық қоғамды дамыту құралдарын ұсыну болып табылады. Өзін-өзі таныту еркіндігі мен жеке ақпаратқа қол сұғылмаушылық – бизнесіміздің жүргізудің негізі.

2.6. Қоршаған орта

Кселл компаниясы қоршаған ортаның сақталуын ескере отырып, бизнес жүргізеді. Біз ресурсты сақтайтын және экологиялық қауіпсіз қызметтерді дамыту, ілгерілету және пайдалану арқылы жаһандық тұрақтылыққа үлесімізді қосамыз және біздің қызметіміздің қоршаған ортаға тигізетін әсерін азайтуға тырысамыз. Біз әрдайым ең жақсы тәжірибені пайдалану және компаниялар арасында бірігіп әрекет ету мүмкіндіктерін қарастырамыз.

- Біз компаниямызда қалдықтар мен көміртектің шығарындыларын азайту үшін шикізатты және электр қуатын тиімді пайдаланамыз.
- Өзара әрекет ету барысында, біздің өзіндік қызметтеріміз табиғи таңдауымыз болып табылады. Біз сондай-ақ тиімділікті арттыру және көмірқышқыл газының көп мөлшерін шығаруға әкелетін жол жүруді азайту үшін клиенттерімізге осындай қызметтер ұсынамыз.
- Серіктестерімізбен және клиенттерімізбен бірлесе отырып, парниктік газ шығарындыларын азайту арқылы ауа райының өзгеруіне қарсы күресуге тырысамыз.

Жалпыға ортақ құжат

Бекіткен
«Кселл» АҚ Директорлар кеңесі

Күні
2019-06-19

Бет.
6 (6)

Құжат No.
Compliance-Pol-01

Нұсқа No.
2

3. КОДЕКСТІ ҚАДАҒАЛАУ МЕН БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ

Осы Кодексті Кселл Директорлар кеңесі бекітеді. Директорлар кеңесі мерзімді түрде осы Кодекс мазмұнын қайта қарастырып, оның талаптарының сақталуын тексереді. Кодексті күнделікті дәріптеу мен қадағалау әр басшының міндеті болып табылады. Әрбір қызметкер Кодекс ұстанымдарына сәйкес жұмыс істеуге міндетті, біз қызметкерлердің өздерін мазалайтын мәселелерін айтуда және оларды озық тәжірибе негізінде шешу жолдарын ұсынуларын сұраймыз. Осы Кодекстің ережелерімен қамтылған іс-әрекеттер тұрақты негізде қайта қарастырылады.

Осы Кодекстің ұстанымдарына қайшы әрекеттер тез арада түзетілуі керек және олар еңбек шартын бұзуға дейін баратын тәртіптік жаза шарасын қолдануға әкелуі мүмкін. Біз қызметкерлерге Кодекс талаптарының бұзылуы туралы Жедел желі арқылы немесе өзінің тікелей басшысы, Кселл компаниясы атқарушы органының кез келген мүшесі арқылы хабарлауға шақырамыз. Кодекстің талаптарын бұзу туралы хабар қай арнадан келгеніне қарамастан, адал өтініш берушілер жасаған Кодекстің ықтимал бұзу туралы барлық өтініштер бойынша қажетті ішкі және/немесе сыртқы көмекті тарта отырып, жылдам, әділ және толық тергеп тексеру жүргізіледі.